

"Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қаңтардағы № 23 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 307 қаулысы

"Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17, 164-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 - бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қаңтардағы № 23 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

14-тармақ мынадай мазмұндағы 37-1) тармақшамен толықтырылсын:

"37-1) елді мекендердің жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерінде орналасқан жасыл екпелерді күтіп-баптауды қамтамасыз етеді";

2. Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

E. Көшербаев